

Н 2007


15

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ

# Манарабек ізбасар

## ТАБИФАТ ХИКАЯЛАРЫ

**Әңгімелер**





Казіргі қазақ прозасы

# МАНАРБЕК ІЗБАСАР

## ТАБИФАТ ХИКАЯЛАРЫ

АНДЫЛЕР



Алматы  
"Жазушы"  
2006

ББК 84 Қаз 7-44  
I 28

*Қазақстан Республикасы Мәдениет жөнө  
ақпарат министрлігінің багдарламасы бойынша  
шығарылды*

Ізбасар М.  
I 28      Табиғат хикаялары: Әңгімелер.— Алма-  
ты: Жазушы. — 2006. — 144 бет.

ISBN 9965-815-00-3

Жинаққа енген әңгімелердің алтын аркауы —  
ауыл өмірі, ондағы адамдардың тыныс-тіршілігі.  
Кітап көпшілік оқырманға арналған.

I      4702250201-35  
          402 (05)-06

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-815-00-3      © «Жазушы» баспасы, 2006



## ОКИШИ

**D**үниені өзінің шолақ ақылымен ғана екшайтін Тәйтен, бұдан біраз жыл бұрын сыйлас жекжат болып, араласып-құраласып тұрған, кейіннен неге екені белгісіз, аяқ астынан аралары суысып кеткен Нұркали дүние салыпты деген хабар келгенде сelt ете қойған жок. — А, а, құдай рахым қылсын! — деп мұрнының астынан міңгір етіп, бетін шолақ сипай салған болатын. Соңан соң хабарға келіп, тұнере төніп тұрған жігітке он қабагын бермestен:

— Неден бопты қазасы? — деп салқын жай сұраған.

— Қайдам. Жора-жолдастарымен өзен жағасына серуен құруға барған жерінен мерт болыпты. Суға кеткенін, өлде жазым болғанын білмедік,— деді көз алды кіреукеленген хабаршы жас жігіт.

— Е, е,— деп демін ішінен алған Тәйтеннің «жалған» деген сөзі, «а-ал-ған» болып шықты.

— Қашан қоймақ? — дей қадала сұрады.

— Ертең қонақасы. Бұрсұғіні шығаралы,— деп шолақ қайырған жас жігіт:— ал жаксы,— деп жедел қоштасып, көлігіне беттеді.

Тәйтен ойы онға бөлініп, санасы санға шашырағандай. Өзі де бір байқұс еді-ау. Былай өмірге үмтүліп, тірлік жасайын деген ниет болса бүйірмасын. Аяқ астынан кекірейіп, иіле салу дегенді білмейтін. Кайта керісінше қолында билігі бар, кербез сөйлейтіндерді көрсе, кірпіше жирылатын.

— Ау, заманың тұлқі болса, тазы болып шалғанның несі айып,— деген бұның сөзіне алдында онша мән бермегенсіп жүрді де, артынан «анамен жекжат бол, мынаны аға деп шакыра сал, пайдасы тиеді»,— деп кеңес бере берген бұның меселін бірден қайырған:

— Тәке, араласып қатысатын болсам, оның тигізетін пайдасы үшін емес, адамгершілігі мен ададығы үшін сыйласам. Әркімге бір жалтаңдау өдетімде жок. Оған әуре болмаңыз. Мені кинаманыз,— деп сөзінің соңын шорт үзген.

Қашанғы айтсын, көнбейтіні көрініп тұрған соң, бұл да қолды бір сілтеген. Мұның несі кетті. Ақылға көнбекен өзі. Соншама міндет қыллатындағы өткізіп қойған ештемесі жок. Кезінде әкелері сыйлас, сырлас ескі жекжат болған соң жасы кіші болса да жақын тартып, өмірге өзінше баулығысы келгені ме, жазығы. Көнбесе өзі білсін. Соттың окуын сырттай оқып жүргеннен кейінгі жердегі өнері шығар. «Онда не тұр. Қазір жақсы тамыр-танысың болмаса, сот түгіл күдай болсан да баар жерің белгілі ғой»,— деген де қойған. Сонан кейін-ақ араласуды сиретті. Бара-бара аралары сұзысып та кетті.

## **Жабиғат жикалары**

Бірер жылдан соң дәрігерге каралуға барған әйелі:

— Нұрқалилар көшетін бопты. Окуы бітуге тақалған соң, өз мамандығың бойынша істе деп жатқан көрінеді. Мәкен айтты,— деп келген. Мәкені— ауылдағы дәрігерлік пунктте істейтін Нұрқалидың әйелі.

— Атамнан ары,— деген өз шаруасымен басы қатып жүрген бұл. — Аға деп тілімді алмаса, айтқан жолмен жүрмесе, не іstemекпін мен оған. Айды аспанға шығарса көрерміз,— деп күйініп қолын бір сермеген. Жанына тірек, өзіне сүйеу болады-ау деген мықтыларды жағалап, алысып-берісіп дегендей көп нөрсеге қозі ашыла бастаған шакта, қайдағы бір қыныр неме көшеді екен деп елп ете қалып не көрініпті. Ажырасар аяққа шақыра келген Нұрқалиға да:

— Жолдарың болсын, қайда жүрсендеге, аман жүріндер. Менің асығыс бір шаруам болып тұр. Ана Зейнел барып қайтар,— деп сұық қоштасқан. Кейін бір ұзын құлақтан жеткен: «Нұрқали окуын бітіріп, көрші облыска жұмысқа ауысыпты. Прокуратуралың тергеушісі көрінеді», — деген хабарға да онша мән бермеген.

Содан бері аттай сегіз жыл өтіпти.

— Зымырап бара жатқан уақыт-ай,— деп күбірлеп тұрған Тәйтеннің ойын:

— Бәтір-ау, апак-сапакта күбірлеп кіммен сөйлесіп тұрсын,— деген Зейнелдің үні болген. Үйден шығып келеді екен.

— Жәй, әлгі Нұрқали қаза бопты. Мана

## *М. Эзбасар*

хабаршы келді,— деді Тәйтен жәйбаракат калпын бұзбай.

— А-а, алда сорлы-ай-а,— деп ернін «сылл» еткізген әйелі бұл жайсыз хабарға не айтарын білмей, күйеуінің бетіне қарады. Отасқанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, неге болмасын алдымен күйеуінің пікірін біліп ап, артынан баға беретін әйелінің қалыптасқан дағдысы. Қандай шешімге келерін білмей, өзі де дал болып тұрған Тәйтен:

— Неменеге бағжия қалдың? — деп шанқ ете түсті.

— Саған не көрінген сонша?! — деп кейи сөйлеген әйелі кері бұрылып, ішке еніп кетті. Содан біразға дейін екеуі тіл қатыспады. Тек ертеңгі шәйді ауызға ала бергенде ғана Тәйтен тілге келді:

— Ол өзі Алматыға ауысыпты ғой. Хабаршы жігіт әлгінде мекен-жайын тастанап кетті. Мен таудағы малға барып қайтайын. Оны-мұныңды дайындал өзір отыр. Көрініп қайтайық,— деген өз шешімін бір-ақайтқан. Бар нәрсені күйеуінің қас-қабағынан анди қоятын сақа әйел «көрініп қайтайыктың» астарын бірден үққан. Алматыда отырса, қай бір жағдайы «ток» дейсін. Өзінің ағайындары да шамалы. Күйеуінің ойы аздаған ақша апарып, «Нағыз жанашыры осы екен-ау» деген жақсы ат алыш қайту. Ендеше бұл иелік ететін қоржын да конды болуы шарт.

Бұлар астанадағы Горький паркінің үстінгі бетіне орналасқан Нұрқалидың үйіне келіп

## **Мадиғат жикалары**

түскенде күн өлі ерте еді. Қаралы үйге адам бұның ойлағанынан да көп жиналыпты. Үй манайында иіріліп тұрған қоліктерде де есеп жок.

«Ой, бауырымдап», дауыс сап аулаға енген бұларды әйел-еркегі аралас бірқауым жұрт жамырай жылап қарсы алған. Бұрынғысынан толысып, әп-әсем астаналық салиқалы келіншек болған Мәкен де жан-жүргімен егіліп отыр. Төнірегіне жиналған әйелдер қауымы да зар айтып, шын төгіле жылайды. Көбі қалалық сияқты. Кигендері қара болғанмен де өншен, қымбат шетелдік қойлектер. Алдымен Тәйтен алдынан көрісуге шыққан ер адамдардың киім киісі мен жүріс-тұрысынан-ақ көп нәрсені аңғарған. Бәрі ұлken қызметтегі адамдар көрінеді.

Біраз жылап мауықтары басылған соң баска да келген кісілерге қосып бұларды шәйға кіргізген. Жиналғандардың отырыс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен біраз жайды аңғарған Тәйтен болмашы нәрсемен сыйлы атана алмайтынын бірден үқкан. Үққанда қонақтардың артын ала беріп, әлдекалай деп, колтығына басып келген 3000 сомды алдын ала дайындал қойған 2000 сомның үстіне қосып, Мәкенге ұстатқан, онымен қоймай:

— Ауылда аға бар ед, жекжат еді,— деп ат басын бүрмадындар. Әр жерде жүріп араласып, құраласа да алмадық. Аяқ астынан болып, әкелгеніміз осы болды, Мәкенжан,— деп бір жагынан өкпе арта өтірік бұлтандаған.

## *III. Әзбасар*

— Тіршілік кой аға, мойын бүруға мұрсат болды ма?! Енді жеттік, енді адам болдық деген-дегіміз мынау болды. Амал бар ма? Әйтпесе бұлай жұздесеміз деген кімнің ойында бар,— деп егіле құрсінді акқоніл Мәкен.

Тәйтен енді байқады. Ес жиганы былай тұрсын, біраз қонданып та қалыпты. Үй жасауы ауылдағы анау-мынау басқармалардың аузын ашырардай. Бөлме бас сайын кілем, кабырғада сірескен кітап, алтын жалатқан қасық-табағы аралас шәй жиһаздары мен хрусталь бұйымдардың өзі бір шкафты сіреп тұр. Үйдің жасау-жабдығы да келіскен. Неше тұрлі ағаш бұйымдардың лагі күнге шағылысып көз үялтады.

Мұндайда Зейнел жәй қалушы ма еді. Суыртпактап сыр тартып, есік алдында жүргендердің жайын білуге асыққан. Бірін ағай, бірін женгей деп таныстыра отырып, Мәкен олардың үлкен нағашы жұрағаттары екендігін, атқарып жүрген қызметтеріне дейін талдап айтып шықты. Нұрқалидың екі қайын ағасының бірі қалалық өкімшіліктегі, бірінің көршілес ауданда әкім екенін естігенде Тәйтен тісі ауырған баладай ыныранып «і-ім»,— деп іштен тынған. Сырты бүтін болғанымен, іші сүттей іріп барады. — Қалай ғана, мұлт жіберіп алдым,— деген өкініш өзегін өртеп кетті. Бұдан кейін өзі де үйде тағат тауып отыра алмады. Жедел тұрып сыртқа бет алды. Шыға сала осы үйдің тірлігіне бұрыннан араласып жүрген адамдай шаруаны бірден иріп ала жөнелді.

## Мабиғат жикалары

Есебіне мығым, шаруа адамы койсын ба, дем арасында барлық істі икемдеп бірден қолына алды. Әншейіндегі пысықтығы жайына қалғандай, екі иығын жұлып жеп жанталасты. Сойылған малы мен қойылған шайына дейін араласып, жөн айтып жүр. Сырт караған жанға ет-бауыр жақын, нағыз жанашаырдың кейіпін танытпақ. Абайсызда арасы сұзысып кеткен бағалы жекжаттың, ағайын-туғанының енді қолдан сусып шығып кетпеуіне қам жасағандай.

Әне-міне дегенше арыстай азаматтың қонағасы түгіл, өзі де жерленіп болды. Жаңа дәстүр бойынша зираттан қайтқан жұрт марқұмды еске алғып, дастархан басына жиналды. «Қызметіне құлдықпын» деген пиғылды кескінін танытып, шәкірт баладай шарт жүгініп отырған Тәйтен, Нұрқалиді еске ала сөйлеген дос-жараны мен ағайын туғандарының сөзін ести отырып, еш нәрсеге құлық қоймады. Пенденің ала жібін аттамай тік жүріп, адалдықты ту етіп өткен абзал азамат жайлы айтылған естеліктерге де мән бермеді. Оның бар баққаны қазаға жиналған үлкен қызметтегі адамдардың еріп-еміренуі ғана еді. Сол сәтте олардың бірі иек қақса, атып тұрып, жүгіре жөнелуге әзір жанның кейіпі бар өзінде. Тек Тәйтен ғана емес, оның әйелі Зейнел де жаңа түскен келіндей «зыр» жүгіріп қызметтің бел ортасында жүр.

Қаралы үйден қонақтардың ең соны болып аттанған Тәйтен мен Зейнел Мәкенмен ұзак

## *М. Әзбасар*

коштасты. Онымен қоймай, жетісінен бірер күн бұрын келетіндіктерін, сойыс қамын өздері жасайтындықтарын қайта-қайта айтып әзер қоштасты. Жан жарының қазасына соншама ілтипат білдірген жандарға Мәкеннің де айтар алғысы қалмап еді. Бар болғаны: – Рахмет аға, рахмет тәте! Жақсылықтарыңызды жалғанда ұмытпаспын,— деп бар пейілін білдіріп, риза кош айтысқан. Бірақ қакпадан шығып бара жатқан Тәйтеннің:

– Қасығына дейін алтын болып кетіпті-ау, өзінің. Мұндайын білгенде басынан қам жасауымыз керек еді,— деген сөзін естіп қалды...





## ҚАЙРАН БЕКЕН

**Ә**дептегідей шаруа камымен ауылға бара калғанымда тура тойдың үстінен тұстім. Той болғанда да жас келіннің беташар тойы. Әйелімнің аталас жақыны Әміржан ақсақалдың сүт кенжесі Серік келіншек әкелген екен. Ақ сұр «Волгаларын» дүкен алдына көлдененінен қойып қойып, гүжілдесіп тұрған балдыздарым, мені көре салысымен шұрқырасып кетті:

— О, жездеке, тура келдің. Қазір осыдан тура үйге айдайсын. Кеше ана Серік әйел әкелген. Бүгін қуып келген құдаларды сыйлап шығарып салайық деп тұрмыз. Қазір беташар басталады. «Құтты болсынды» шал-кемпірге өзің барып айтасын,— деп үстемелей жөнелді.

— Макұл, макұл,— деп, әдептегідей құргак уәдемен құтылуға ынғайланған бастап ем:

— Жездеке, қуаныштың тура үстінен тұстін. Қөпшіліктен үлкен емессін. Дәл осы жолы келмесен ренжиміз,— деп қадай айтылған Әшір-құлдың сөзінен кейін айттар уәж қалмады.

Ауылда тұратын ага-енемді машинама салып алып Әміржан ақсақалдың үйіне келгенімде той басталып та кеткен екен. Үлкен үйдің бір қабырғасына жанамаласа тігілген палатка. Әнишайіннің өзінде, қай үйден не шығады деп жалақтап жүретін ауыл жүртшылығы аянсын ба?

## *М. Әзбасар*

— Куаныш құтты болсын-ау! — деп келгенде кері қайтаратын қай қазақ. Палатка іші иін тірекен жүрт. Тіпті жас балаларын да тастамай ертіп алғандар баршылық.

Куаныштан өні бал-бұл жанып отырган Әміржан ақсақалға «құтты болсын!» айта бастағаным да сол еді, сатырлап жүрген балдыздар «кеу-кеулеп», қолқалап, үлкен үйге қарай бастай жөнелді. Келіннің қасына еріп келген женгелері мен құдашаларды әдеттегідей бөлек күтіп жатыр екен. «Жүр де, жүр, кір де кірдің» астына алған балдыздар ақыры қоймай, солардың арасына бір-ак апарды. Ауыл келіндерінің бетін ашатын, штаттағы тамада Әзиз досым да галстугін қылқына буынып, осында отыр екен.

— Кел, кел Мәке. Төрлет,— деп, төрге бір-ак оздырды. Сырттағы жүртқа қарағанда мұнда құда-құдағиларға қосып, ауылдың сүт бетіне шығарларын бөлектеп күтіп жатыр екен. Әзіл-қалжынымыз жарасып, біраз отырып қалыптыз. Тамақ жеп бола салысымен шығып кеткен Әзекеңнің:

— Ал енді келіннің бетін ашамыз. Топырламай былай қарай шығындар,— деген әмірлі даусы естілісімен, сыртқа жиналдық. Ауыл тойының ең қызығы да осы — «Беташар». Жүрт көбіне тойға емес, осы «Беташарға» жиналатын сияқты. Оның үстіне келіннің бетін рабочком Әзиз ашатын болса тіпті қызық. Әркімнің осал тусын тап басатын ку тілді Әзекең мұндауда

қайдан аянып калсын, әзіл өлеңімен сын тезіне ілетін жезде-женгелерін, құрбы-құрдастарын осындайда сызыра сылкітып, калың жұртшылықты құлкіге қарық қылып тастайды. Бұрынғыдай не киносы, не театры жоқ ауыл тұрғындары үшін мұның өзі таптырмайтын бір қызық тамаша емес пе?!

Біз далаға шыққанда әлі соңғы дайындықтар жасалуда екен. Қол шайысып болған соң ауылдың үлкен-кішілерімен амандасып, топ ортасына барып тұрдым. Үй иелері әлі абыр-сабыр. Бірі ортаға орындық әкелсе, енді бірі оның үстіне қойылатын табакты дайындастып жүгіріп жүр. Есік алдындағы қазандық үйдің жанына топтасқан шағын топтың өз қызығы өзінде. Орталарында тұрған бір адамды қаумаласып қоршап алыпты. Сылқылдай шыққан домбыра үні құлағыма жағып барады. Бірінен кейін бірі төгілген таныс өуендер жүректі шым-шым еткізіп, еріксіз өзіне қарай жетелейді. Ескі сарын, баяғы біздің бозбала күнімізде айтылатын өлендер.

— Ал, Беке, өу деп жібер.

— Құртарта бересің бе? Даусынды қоссаныш? — десіп, тойдан қызынқырап қалған жігіттер домбыра ұстағанның дегбірін алып барады.

Домбырашыда үн жоқ. Көзін шарт жұмып алған. Рахат бір күй кешіп, екі беті бал-бұл жанып, балбырап тұр. Жақынырак барғанда өрен таныдым, Бекен екен.

Иә, баяғы Бекен. Ауылдың жиын-тойы мен отырысының сәні болған, өуелеп үшқан әні болған Бекен. Шіркіннің дауысы қандай еді! Сыңғырлаған дауысы біз үшін сол кездегі «Казакконцерттің» әншілерінен бір кем емес болатын. Сылқылдана салған әнімен қыз-бозбалаларды «аһ» үрғызған қайран Бекен...

Қаумалап тұрған қалын жүртты қақ жарып, өзімен-өзі рахат бір күй кешіп отырған Бекеннің қасына қалай барып қалғанымды өзім де білмей қалдым. Күміс көмейден өуелей үшатын өуезді әнді тосамын. Эн жок. «Сыр-сыр» еткен солғын дауыс қана. Өз құлағыма өзім сенбей тақала түстім:

— А-а-а-ай,  
Кешікпей келем деп ен,  
Мен тұрмын елендеумен...

Күміс көмейден әсем әуендең сыңғырлата төгетін қызыл тілден де ерік кеткендей. Қызыл иектерге бой бермей, ол құрғыр да тірелетін тіс таппаған соң «жылтың-жылтың» етіп, қайта-қайта сыртқа шығып кетеді. Сыңғырлай шығатын қайран әуен шанағы қақырай сыңған ескі домбыраның үніндей құлаққа жағымсыз сырыл шығарады. Жан шығарда үздіге шығатын соңғы дем сиякты.

Денем тітіркеніп кетті.

— Өй, Бекен, дұрыстап айтсаңшы... баяғы-  
дай, — деп қалғанымды өзім де сезбей қалдым.  
Масандашекен. Зорға таныды білем:

— А-а, Мәке, сенсің бе? Таздан тарак қалғалы қашан. Менікі жай өншейін ғой...

Даусы да мұлде бұзылып кетіпті. Екі көзі қып-қызыл. Басында жапырайған жаман түмак. Үстінде көк, не қара екені белгісіз қаудырлаған балон куртка. Аяғында мыж-мыж кроссовка.

— Не болып кеткенсің, бауырым-ау,— дегенімде үялды білем:

— Ештене, мен өншейін, жай ғой,— деп езу тарта жымығансыды. Оның өзі жылағысы келген адамның кейпіндегі күйге түсіріп, кем иектерін кемсендете берді.

Осы кезде: — Домбыра қайда, домбыра?! — десіп, жетіп келген бір-екі адам оның қолындағы домбыраны жұлып әкетті. Мұнайып тұрып қалған Бекендеңі сұмдық аяп кеттім. Кеудемнен бір нәрсе «шым» етіп үзіліп түскендей, әрі-сәрі күй кештім. Абдырап тұрып қалдым.

Қайран Бекен! Бекен десе, Бекен еді-ау. Эні қандай, аспандай көтерілетін әуен қандай еді, шіркін! Сол бір сиқырлы әуен кімдерді шырмап алмады дерсін...

— Мені күте алмасан,  
Сүйгеніннен не пайда?  
Сүйіп тұрып алласан,  
Күткеніннен не пайда? —

деп, алпыс екі тамырынды солқылдата ийтсе, енді бірде:

— Бұлбұл күс туған жерден гүл іздейді,  
Күдерін құштарынан бір үзбейді.

Келесің өн боп, еркем, көз алдыма,  
Өзінді мен іздемей кім іздейді? —

деп, аспандап, әуелей ұшып, әр көнілді баурап  
алатын. Немесе:

— Сүйе алмадық, күйе алмадық, қимадық,  
Неге біздер бір құшаққа сыймадық?  
Екеуміз де екі айрылған өзендей,  
Махаббатты басқа жанға сыйладық... —

деп сзылтып, жан-жүрегінді баурап, қолка-  
жүрегінді суыра сыздататын еді-ау, шіркін.  
Қайда сол інкөр сезімге толы сырлы әуен?  
Сикырсыз жанынды баурап алатын, қолка-  
жүрегінді суыратын тамаша сөз қайда кеткен?  
Не болған саған, қайран Бекен...

Бекен бізге қарағанда тіпті ерте есейді.  
Ауылдағы орта мектептің тоғызынышы сыны-  
бын бітіретін жылғы көркемөнерпаздар бай-  
қауында тамаша өнімен бас жүлдені жеңіп ал-  
ғанда-ак кішігірім зал іші шатырлата ұрылған  
шапалақ үнінен тұнып кеткен. Жұлдесін алуға  
сахнаға шыққан бүйра бас Бекенді:

— Тағы бір өн айтсыныш?

— Шырқашы қане, бауырым! — десіп қол-  
калаған жұрт көпке дейін түсірмеген. Мұндайда  
тартынатын Бекен бе, екі беті албырап алау  
атып, ақсия құліп, қалың көрермен алдында  
әнге салды дерсін.

— Жұлдызым,  
Көзінен құлқі үйірілген,  
Арайлы кірпігіннен.

## =====*Мабиғат жақазылары*

Бір үшкын шашып өтті.  
Өзіне ғашық етті.  
А-а-а-а-а-а-ай,—

деп, жұртшылықтың құлағында қалықтан тұрып алды. Сиқырлы әуеннің кереметі де міне, осында еді. Содан бастап Бекен әнші бала атанды. Көрші-қолаң мен ағайын-туғанның азғана қуанышының өзі Бекенсіз өтпейтін болды. Тойы болсын, томалағы болсын ендігі жерде: — Элгі Бекенді шақырдыңдар ма? — Бар машинамен алып келіндер,— десіп, екі аяғын жерге тигізбеуге айналды. Бекеннің де жылдан-жылға шеберлігі үшталып, айтатын әндері көбейіп, нағыз кемел әншіге айнала бастағаны да осы түс еді. Бірнеше дүркін аудан көркемөнер-паздарының байқауына қатысып, жұлдегер атанип үлгерді.

— Шіркіннің даусы қандай?!

— Салған әнін айтсаншы! — десіп, гүілдескен жұртшылық өнерпаз жігітті одан арман қаннattандырып, киял төріне шарықтата бастады. Мұны естіген сайын сыныптас құрбылары түгіл, жаңа-жаңа бойжетіп, бүр жара бастаған төменгі сыныптың қыздары да Бекенге елжіреп, ерекше ынтыға қарасатын. Ер балалар үшін Бекеннің досы атану түгіл, касына еріп жүрудің өзі керемет бір дәреже көрінетін. Қай жерге, қай ортаға бармағын, Бекенге арналған құрметтің шетінен ғана ілігіп, соған марқайып қайтатынбыз. Бекенге еліктеуге тырысып, жұмыстан колымыз босай қалса болды, домбыраны тын-

## *М. Эдасар*

қылдатып, гитарды сабалай бастағанымыз да содан еді. Бірак Бекендей болу қайда? Бекен – Бекен еді ғой шіркін!..

Оныншы сыныпты бітірген жылы күзде бірге оқыған ересек балалардың көбісі әскерге аттанды. Ортамызда Бекен бар, таңды таңға ұрып ән салып, «вешірлетіп» шығарып саламыз.

– Достар, достар жүрсін қайда?

Бірге еді ғой жанымыз.

Еске алысып осындайда

Кел, шыркайық бәріміз,—

деп әуелетсек, енді бірде:

– Біздәуірдің мәлдіреген аспаны едік,  
Бәріміз де өмір жолын бастап едік.

Армандастар қайда?

Абзал достар қайда?

Замандастар, қарлығаштар қайда екен?! –

десіп асқақтата ән шырқап, автобусты жаңғырта, талай достарымызды бірге шығарып салдық та. Осындай жиын-тойларда бір байқағаным, Бекеннің шарапқа дені қатты ауа бастағаны болды. Қай жиынға бармайық, үрттаптатып қана коятын біздерге қарағанда өңінің ерекше алабұртып, екі шекесінің жіпсіп отыратынын аңғаратынмын. Бірак, әнші болған соң, көптің қошаметіне ілінген соң, солай болуы занды да сияқты көрінетін.

Сол жылдың күзінде әскерге шақырылмай қалған ер балалардың көбі малды ауылға аттандық. Бір жағы мал бағып жүрген ағайын-туғанға

көмектессек, енді бір жағы романтикаға толы малышылар өміріне етene араласып, өзімізді еңбек майданында сынау болатын.

— Мал шаруашылығы — екпінді майдан! — десіп ұрандатып жаткан осы тұста Копаның жазығынан Бетпақтың құмына дейін созылған өлкенің қызығы қалаға бергісіз еді. Күнара келіп-кетіп жататын автоклуб пен жылжымалы моншасын айтпағанның өзінде, қырбық кар түсе басталатын соғымбасы, сыбаға беру, екі желеу бір сылтаумен шағын той-томалак жасау сияқты сан қылыштырыс-жындардың қызығы таусылған ба, шіркін. Күн ұзак мал жайып, шаруа қамымен құйбендерген шопан қауымы кеш түсе қай үйде жиын, қай жерде той бар десе аттылы-жаяу, алыстағылары су таситын «Водовоз» машинасына сыйкия тиелін сонда жететін. Содан ұзак түннің бір уағына дейін таусылмайтын той-думан, қызықты отырыстар басталатын. Әуезді ән де, таңдаї қақтырар қызықты әңгімелер де сонда.

Аталас жақыны Жаканқұлға көмекші болып келген Бекен де малышылар ауылдының ең құрметті қонағына айналды. Кайда барса да:

— Бекенді төрге отырғызындар.

— Жоғары шық, карағым,— десіп құрак ұшып, құрбандық болып кете жаздайтын қалың қөпшілік, қаумалаған үлкенді-кіші. Құрмет те, кошемет те Бекеннің касында. Мұндайда ол қайдан тартынсын, шекесі шып-шып терлеп отырып, әуезді әуендерді бірінен

## *М. Әзбекар*

кейін бірін ағытады-ай дерсің келіп. Бір әні бір әніне үқсамайды.

Айтқан сайын қырланып, жаңа бір түрге еніп тұратында:

— Кіндігімнің жас қаны,  
Тамған жері ауылым.  
Шабытымның аскары  
Самғау жері ауылым, —

деп асқақататса, енді бірде:

— Тұбінде көп тұрдым қайынның,  
Күтсін деген сөз үшін, аяулым.  
Жан сәулем, айтшы сен,  
Сен үшін не десен дайынмын... —

деп солқылдайды. Одан қала берсе:

— Сүйемін деп айта салсам нанбайсын,  
Жүрегімді бере салсам алмайсын.  
Дәл осындай болғаныңа қуанам,  
Сендей жанмен өмірлік мен жолдастын,—

деп сан алуан түрге еніп, мың құбылады.

Жақсы өуенге сусап жүрген шопан қауымы мұндай шақта қалай тартынсын:

— Әй, бәрекелді!  
— Мың жаса, айналайын!  
— Өнерің өрге жүzsіn!  
— Өркенің өссін! — десіп, баталарын үйіп-төгіп береді-ай дерсің келіп. Бекенмен бірге құрметтеліп, төрдің төбесіне жайғаскан Жақан-құл ағасы да қызара бөртіп алып, тілі құрмелің-кіреп отырса да керемет бір күй кешіп: — Біздің

## **Мадиғат хикаялары**

Бекіш жарайды. Маладес кой обшым. Экеліші бетті,— деп, бауырының бетінен «былш-былш» сүйеді-ай дерсін келіп.

Эншейінде жора-жолдастарымыздың туған күніне жинала қалсақ, бір бөтелке «Кагорға» зорға рұксат беретін ұлкендер жағы Бекенге келгенде жомарт-ақ. Басында шампанмен, жеңіл шараптармен сыйлап жүрген, орталарындағы жалғыз әншісін бара-бара:

— Бекен дегенің жігіт кой. Алып қояды осындайда. Бір рюмка дегенің не тәйірі, жігіт адамға,— десіп, ақырында аракқа да үйрете бастаған еді. Одан тартынатын Бекен бе, алып қойған сайын екі беті албырап рахат бір күй кешіп, не бір әндерге басатын-ай келіп солқылдатып...

Осындай айтса жырдай таусылмайтын қызықтармен жүріп, жылдың қалай өте шыкканын да сезбей қалыптыз. Келер жылдың көктемінде «шақыру қағазын» алысымен әскерге аттандым. Одан оқу дедік, үйлі-жайлы болдық дегендей, ауылдан біршама кол үзіп, өз қызығымызбен өзіміз болып кеттік. Содан бері аттай шауып жиырма жылдан астам уақыт өтіпті-ау шіркін. Ауылға анда-санда келіп-кетіп тұрғанда ол жайлы әртүрлі әңгімелерді тиіп-кашып естігенім болмаса, нақпа-нақ жүздесіп тұрғаным осы.

Келіннің беташары қалай біткенін де ангармай қалыптын. Ду-ду еткен жүртшылықтың ризашылығына қарағанда Әзекен үткін де

## *М. Әзбасар*

аянып қалмаса керек. Алдындағы табаққа жиналған ақша да бір қауым. Жаңа атым аталғасын өзім де ақша салғанмын.

— Ой, елки, сонша ақшадан бір жарты алмайсын ба? Өлесің бе, немене? — деп жанын алған Өміржанға беретінін беріп, Әзиз маған қарай аяңдады. Екеуміз әңгімелесіп қақпаға қарай бет алдық. Әзиздің домбырасын алдына өңгерген Бекен қамбаның бұрышында жападан-жалғыз отыр екен. Домбыраның қос ішегінен үмыт бола бастаған баяғы бір ескі өуен төгіліп тұр.

— Шаттығынның дастарханын,  
Бір жайдың да жинадың ғой.  
Жинадың ғой сәулем,  
Қимадың ғой сәулем.  
Қиғаның ғой сәулем  
Қинадың ғой сәулем.

Әуезді, мұнды әннің ырғағы бұзылар емес, домбыра өз-өзінен сөйлеп тұр. Бірақ сзызылып, сыздықтап, алпыс екі тамырынды иітіп, солқылдатып шығатын ән жоқ. Сылқылдаған пернелер де «ән қайда, ән қайда?» деп сыңсып тұрғандай. Бекеннің екі бетін жас жуып кетіпті. Өніне қарай алмай теріс айнала бердім. Кеуде тұсым тағы да «шым-шым» ете қалды.